

**«Маңғыстау облысының Денсаулық сақтау басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің
«Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем
станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу
нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама**

Ақтау қаласы

23.06.2023 жыл.

Кіріспе бөлім:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес, сондай-ақ, «Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ның 2022 жылдың 23 маусымындағы №404/1-н/қ санды «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін ұйымдастыру туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге, 01.01.2022 жылдан бастап 31.12.2022 жыл аралығындағы жұмыс кезеңі қамтылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2022 жылғы 21-27 маусым аралығында жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге құрылған жұмыс тобы:

1. Директордың аудандар бойынша орынбасарының міндетін атқарушы Сарсенов Отесин.
2. ПБҚ бастығы Жумагалиева Жанат Жарасовна.
3. Бас экономист Тажикова Светлана Баяновна.
4. Шаруашылық бөлімінің маманы Дауылбекова Алтынай Рзабекқызы.
5. Мемлекеттік сатып алу маманы Азимов Нурлан Ибрахимович.
6. Бас есепші Акшолакова Жаннат Аманкосовна
7. Комплаенс офицер - заңгер кеңесші Бекмурзин Мейрамбек Әнетұлы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің міндеті «Маңғыстау облысының Денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің «МОЖжШМЖС» ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметін зерттеу және бағалау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне құқықтық актілер мен ішкі құжаттарды талдау болып табылады.

**«Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем
станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның
Қызметін қозғайтын құқықтық актілерде, ішкі құжаттарды
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясын, Кәсіпорын Жарғысын, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексін, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы кодексін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік туралы заңын, "Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығын және осы бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы № 11 бұйрығын, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңын және басқа да нормативтік актілерді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасы бекіткен квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде жәрдем көрсету және кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруда бірыңғай тәсілді қалыптастыру мақсатында Ереже әзірленді және бекітілді.

Кәсіпорынның бөлімше ғимараттарының көрнекті орындарына, арнайы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында жасақталған А3 көлеміндегі плакаттар ілініп, қызметкерлерге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Көрсетілетін қызметтер бойынша, халықты хабардар ету мақсатында мемлекеттік және орыс тілдеріндегі ақпараттар мен регламенттер орналастырылған стендтер бар.

Одан бөлек, халыққа қол жетімділік пен ашықтық аясында, кәсіпорынның жұмысымен байланыстырып және қажетті ақпараттарды алуға мүмкіншілік туғызатын интернет желілеріндегі арнайы сайттар жұмыс жасауда.

Кәсіпорынның қызметіне, жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне, сот актілеріне қатысты нормативтік құқықтық актілер зерделеніп, оларға талдау жүргізілді.

Құқықтық актілерде анықталған тәуекелдер саны _____ (бірлік), ішкі құжаттарда анықталған тәуекелдер саны _____ (бірлік).

«Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның Ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Персоналды басқаруға қызметі

Персоналды басқаруға қызметінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдер саны – 2 (екі) бірлік.

Жалпы ақпарат:

«Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ның Персоналды басқару қызметі бекітілген штаттық бірлікке сәйкес, бос лауазымдарға қызметкерлерді қабылдау Enbek.kz электрондық биржасы және әлеуетті үміткерлердің түйіндемелері арқылы жүзеге асырады.

Персоналды басқару қызметі бойынша шығарылған барлық актілер (еңбек шарттарын жасасу және бұзу, көтермелеу және тәртіптік жауапкершілікке тарту, демалыс және жұмыс кестелер) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес жасалған.

Персоналды басқару қызметі бойынша, кәсіпорынның штаттық бірлігі, жұмысқа орналасу және қызметкердің өз бастамасы жұмыстан шығау, жұмыс берушінің бастамасы бойынша қызметкерді жұмыстан босату, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық бойынша жұмыстан босату, қызметкерлерді тәртіптік шараға тарту және тәртіптік шараны мерзімінен бұрын алып тастау және басқа да бағыттар бойынша 2020, 2021 және 2022 жылды салыстырмалы түрде, ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдау кезінде, Персоналды басқару қызметі бойынша 2 (екі) сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды.

1. «Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ның бекітілген штаттық бірлік бойынша есебі:

№	Құрылым атауы	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
1	Басшы құрам	4,0	4,0	4,0
2	Дәрігерлер	42,5	50,0	51,5
3	Орта медициналық қызметкерлер	555,0	550,0	521,5
4	Кіші медициналық қызметкерлер	67,0	66,0	66,0
5	Басқа қызметкерлер	304,5	291,0	278,5
Барлығы:		973,0	961,0	921,5

2. «Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ның 2020, 2021 және 2022 жылғы жұмысқа қабылданғандар және жұмыстан қызметкердің өз бастамасымен жұмыстан босатылғандар есебі:

№	Жұмысқа қабылданғандар	Жұмыстан босатылғандар
---	------------------------	------------------------

		дәрігер	Орта медицина/қызмет-лер	Кіші медицин/қызмет/лер	Басқа қызмет/керлер	дәрігер	Орта медицин/қызмет/лер	Кіші медицина/қызмет/лер	Басқа қызмет/лер
1.	2020	4	43	0	21	4	24	7	16
Барлығы		68				50			
2.	2021	7	80	4	32	3	39	4	19
Барлығы		123				65			
3.	2022	2	54	1	47	4	55	5	38
Барлығы		104				102			

Жұмысқа қабылдану мен жұмыстан қызметкердің өз бастамасы бойынша жұмыстан босатылудың басым бөлігі, 2022 жылы жоғары көрсеткішті құрап отыр.

3. «Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ның 2020, 2021, 2022 жылдарда жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан шығарылған қызметкерлер есебі:

№	Талдау жылы	Жұмыстан босатылғандар				Барлығы
		Дәрігер	Орта буын	Кіші буын	Басқа қызметкерлер	
1.	2020	0	0		0	
2.	2021	0	0	0	0	
3.	2022	2	8	3	20	33

Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатылғандардың басым бөлігі, ҚР Еңбек кодексінің 52-бабының 1-тармағының, 22-тармақшасымен заңсыз ереуілді одан әрі жалғастырғаны үшін және осы кодекстің 52-бабының 1-тармағының, 22-тармақшасымен бір жұмыс күні (жұмыс ауысымы) ішінде дәлелді себепсіз үш және одан да көп сағат бойы жұмыста болмағандары үшін босатылғандар.

2020 және 2022 жылдарға талдау жүргізуге ақпарат болмады.

4. «Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ның 2020, 2021, 2022 жылдарда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық бойынша жұмыстан босатылғандар есебі:

№	Талдау жылы	Жұмыстан босатылғандар		Барлығы
1.	2020	1		1
2.	2021			
3.	2022			

Жұмыстан сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар бойынша, 2020 жылы бір дерек орын алған. Яғни, кәсіпорын басшысының пара алу дерегі бойынша қылмыстық іс қозғалып, кейін соттың шешімімен кінәлі деп танылып, сот шешіміне сәйкес жұмыстан босатылды.

2021 және 2022 жылдарда сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар тіркелмеді.

5. «Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ның 2020, 2021, 2022 жылдарда тәртіптік жазаға тартылғандар есебі:

№	Талдау жылы	Тәртіптік жаза тартылғандар	Барлығы	Мерзімінен бұрын алынғандар
1.	2020			
2.	2021	101	101	
3.	2022	144 + 245 (сот шешіміне сәйкес)	389	19

Тәртіптік жазаға тартылушылардың басым бөлігі, 2022 жылда ҚР Еңбек кодексінің 176-бабының 1-тармағының, 1-тармақшасында көзделген заң талаптарын бұзуға байланысты болса, жұмыскерлердің халыққа жедел медициналық қызмет көрсету кезінде қателіктер жасағандар болса, 2021 жылы жұмыскерлердің халыққа жедел медициналық қызмет көрсету мен қызмет кезінде тәртіптік теріс қылықтар жасауы себеп болған.

2022 жылы кәсіпорын қызметкерлері арасынан бір қызметкер, «Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ның бұрынғы директоры А.Е.Ширшикбаевтың «Тәртіптік жаза қолдану туралы» 20.01.2022 жылғы №27-н/қ бұйрығымен келіспей, шағым түсірген. Кәсіпорын қаражатының жеткіліксіз салдарынан, оқытылу қажет етілетін қызметкерлер арнайы оқу түрлерімен қамтамасыз етілмей отыр.

6. «Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ның 2020, 2021, 2022 жылдарда қызметкерлерді қажетті оқумен қамтамасыз етуі:

2020 жыл:

Дәрігерлер саны	BLS		ACLS		PALS		PHTLS	
	оқытылған	оқытылмаған	оқытылған	оқытылмаған	оқытылған	оқытылмаған	оқытылған	оқытылмаған
26	100 %	0%	65,4 %	34,6 %	0,0 %	100 %	0 %	100 %
Орта медицина/қ қызмет-лер								
372	96,2 %	3,8 %	48,4 %	51,6 %	11,8 %	88,2 %	11,8 %	88,2 %
Безопасное вождение. Безопасное вождение в сложных условиях								
208	89,4 %	10,6%						

2021 жыл:

Дәрігерлер саны	BLS		ACLS		PALS		PHTLS	
	оқытылған	оқытылмаған	оқытылған	оқытылмаған	оқытылған	оқытылмаған	оқытылған	оқытылмаған
31	94 %	6 %	93,5 %	6,5 %	35,5 %	64,5 %	26 %	83,9 %

Орта медицина/қызмет-лер								
404	100 %	0 %	100 %	0 %	61,9 %	38,1 %	11,4 %	88,2 %
Безопасное вождение. Безопасное вождение в сложных условиях								
222	0 %	100 %						

2022 ЖЫЛ

Дәрігерлер саны	BLS		ACLS		PALS		PHTLS	
	оқытылған	оқытылмаған	оқытылған	оқытылмаған	оқытылған	оқытылмаған	оқытылған	оқытылмаған
28	100 %		100 %		100 %		100 %	
Орта медицина/қызмет-лер								
398	100 %		100 %		100 %		55,8 %	44,2 %
Безопасное вождение. Безопасное вождение в сложных условиях								
218	0 %	100 %						

- **Тәуекелдің атауы:** **Бірінші:** тәртіптік жаза қолдану туралы.
Екінші: санитарлық автокөлік жүргізушілерінің «қауіпсіз жүргізу. Қиын жағдайларда қауіпсіз жүргізу» оқытылмауы.
- **Тәуекелдің сипаттамасы»:**

1) Кәсіпорынның мемлекеттік сатып алу маманы Т.Айтбаевтың, кәсіпорынның бас есепшісі А.Сейтмуратов және экономист С.Байдуллаев 2022 жылға арналған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын уақытылы тапсырмады - деген қызметтік хаты басшылыққа алына отырып, «Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ның бұрынғы директоры А.Е.Ширшикбаевтың «Тәртіптік жаза қолдану туралы» 2022 жылғы 20 қаңтардағы №27-н/қ бұйрығымен сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

Яғни, тәртіптік жаза қолдану кезінде, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 65-бабының 2-тармағына сәйкес жазбаша түсініктеме талап етілмей, тәртіптік жаза қолданылған.

Сол себепті, бас бухгалтері А.Сейтмуратов және экономист С.Байдуллаев өздерін тәртіптік жазаның заңсыз қолданғанын көрсетіп сотқа шағымданған.

2) Дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлер BLS, ACLS, PALS, PHTLS, Неонатальды реанимация (NRP), Ұшу физиологиясы және пациенттерді тасымалдау және Санитарлық автокөлік жүргізушілерін «Қауіпсіз жүргізу. Қиын жағдайларда қауіпсіз жүргізу» оқытылу қажет болатын.

Алайда, кәсіпорынның санитарлық автокөлік жүргізушілері 2021 және 2022 жылы «Қауіпсіз жүргізу. Қиын жағдайларда қауіпсіз жүргізу» тақырыбындағы қажетті оқумен 100 пайыз көлемде оқытылмаған.

Тәуекелдерді жою бойынша ұсыныстар:

Бірінші тәуекел бойынша: *Сот, қызметкерлер бас бухгалтері А.Сейтмуратов және экономист С.Байдуллаевтың талап арызын қанағаттандырып, «Тәртіптік жаза қолдану туралы» 2022 жылғы 20 қаңтардағы №27-н/қ бұйрықты заңсыз деп танып, оның күшін жою және алынбаған сыйақыларын төлеу туралы шешім шығарған.*

Нәтижесінде, бас бухгалтері А.Сейтмуратов және экономист С.Байдуллаевқа қатысты «Тәртіптік жаза қолдану туралы» 2022 жылғы 20 қаңтардағы №27-н/қ бұйрық алынып тасталып, тәртіп жаза кезінде берілген сыйақылар төленіп берілді.

Екінші тәуекел бойынша, жергілікті бюджеттен қаржы бөлу жөнінде, Маңғыстау облысының әкімдігіне ұсыныс хат жолданған және 2023 жылмен оқыту жоспарланып отыр.

Қосымша ақпарат: Жоқ.

Мүдделер қақтығысын реттеу желісі бойынша

Мемлекеттік сатып алу қызметінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдер саны – 3 (үш) бірлік.

Жалпы ақпарат:

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының негізгі нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алу туралы қағидалары»;

2) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы заңы»;

3) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 маусымдағы № 375 қаулысы;

4) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі.

Мемлекеттік сатып алу бойынша алынатын тауарлар, қызметтер мен жұмыстардың барлығы кәсіпорынның экономистер бөлімімен жылдық жоспарға енгізіліп, кейін нақты қажетті деген тауарлар, қызметтер мен жұмыстар бойынша берілген өтінімдерге сәйкес мемлекеттік сатып алу қызметінде мемлекеттік сатып алудың жоспары жасақталады.

«Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ның ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында Ресми сайтта мемлекеттік сатып алу жоспарлары орналастырылады.

Мемлекеттік сатып алу жоспарлары, әрбір конкурстық құжаттама және мемлекеттік сатып алу порталында орналастырылатын құжаттама бойынша кез-келген өзгерістер директордың бұйрығымен бекітіледі.

2020 жылы мемлекеттік сатып алу бойынша 275 келісім шарт жасақталған, оның ішінде:

- Баға ұсыныстары бойынша жасақталған – 143 келісім шарт.
- Конкурс бойынша жасақталған – 2 келісім шарт.
- Аукцион бойынша – 0 келісім шарт.
- Тауар биржалары бойынша – 0 келісім шарт.
- Электрондық дүкен арқылы – 0 келісім шарт.
- Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу бойынша – 26 келісім шарт.
- Тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен – 104 келісім шарт

Осы жасақталған 275 келісім шарттар арасынан, 2 (екі) келісім шарт бір жақты бұзылған, 5 (бес) келісім шарт екі жақтың келісімі бойынша бұзылған және 13 (он үш) келісім шарт жасақталмаған.

2021 жылы мемлекеттік сатып алу бойынша 181 келісім шарт жасақталған, оның ішінде:

- Баға ұсыныстары бойынша жасақталған – 67 келісім шарт.
- Конкурс бойынша жасақталған – 1 келісім шарт.
- Аукцион бойынша – 0 келісім шарт.
- Тауар биржалары бойынша – 0 келісім шарт.
- Электрондық дүкен арқылы – 0 келісім шарт.
- Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу бойынша – 14 келісім шарт.
- Тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен – 91 келісім шарт.

Осы жасақталған 275 келісім шарттар арасынан, 2 (екі) келісім шарт бір жақты бұзылған, 1 (бір) келісім шарт екі жақтың келісімі бойынша бұзылған және 5 (бес) келісім шарт жасақталмаған.

2022 жылы мемлекеттік сатып алу бойынша 119 келісім шарт жасақталған, оның ішінде:

- Баға ұсыныстары бойынша жасақталған – 70 келісім шарт.

- Конкурс бойынша жасақталған – 2 келісім шарт.
- Аукцион бойынша – 0 келісім шарт.
- Тауар биржалары бойынша – 0 келісім шарт.
- Электрондық дүкен арқылы – 2 келісім шарт.
- Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу бойынша – 26 келісім шарт.
- Тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен – 19 келісім шарт.

Осы жасақталған 275 келісім шарттар арасынан, 3 (үш) келісім шарт бір жақты бұзылған, 3 (үш) келісім шарт екі жақтың келісімі бойынша бұзылған және 8 (сегіз) келісім шарт жасақталмаған.

Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру, Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 4 маусым 2021 жылғы № 375 қаулыға сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл қызметті жүзеге асыру кезінде, **Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерін сатып алуға арнайы (Мысалы: goszakup.gov.kz, tenderplus.kz сияқты) электронды платформа жасақталмаған.** Ол өз кезегінде, сыбайлас жемқорлықтың тәуекеліне алып келуі мүмкін.

Тәуекелдің атауы:

Бірінші – 2022 жылы, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 41-бабының 1-тармағындағы тәртіптің сақталмай, мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жүргізілген.

Екінші – Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін арнайы (Мысалы: goszakup.gov.kz, tenderplus.kz сияқты) электронды платформаның болмауы.

Үшінші – 2022 жылғы есеп бойынша 2 мекемеден жанар-жағармай тауарларын, автокөлік жалдау, тұрмыстық қатты қалдық алу қызметін, есеп бөлімдерінің 1с бағдарламасына қызмет көрсету қызметін мемлекеттік сатып алудың электрондық платформасында емес, қағаз жеткізгіш түріндегі азаматтық құқықтық негізде сатып алу жүргізілген.

Тәуекел сипаттамасы:

Бірінші – 2022 жылы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен – 19 келісім шарт, мемлекеттік сатып алудың goszakup.gov.kz электрондық платформасы арқылы жасалған.

Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алудың goszakup.gov.kz электрондық платформасы арқылы келісім шарт жасау кезінде, *Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңының және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының талаптары сақталмаған.*

Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізу үшін, *Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның «Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру» туралы 41-бабының, 1, 2 және 3 тармағында көзделген талаптар сақталу қажет.*

Екінші – Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін арнайы (Мысалы: goszakup.gov.kz, tenderplus.kz сияқты) электронды платформа болмауы салдарынан, өнім берушілер сатып алынатын Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алу үшін, сатып алуды ұйымдастырушы ұйым арнайы комиссия құрып, комиссияның шешімімен арнайы ұйымның веб-порталына хабарлама орналастырғаннан кейін, әлеуетті өнім беруші, алдын-ала өзінің баға ұсынысы конверт арқылы жолдайды. Кейін сол конверт, қаулыда көзделген мерзімде қаралып, жеңімпаз әлеуетті өнім берушілерге хабарланады.

Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін арнайы (goszakup.gov.kz, tenderplus.kz сияқты) электронды платформа болмауы, өз кезегінде сыбайлас жемқорлықтың тәуекеліне алып келу мүмкін.

Үшінші – 2022 жылғы есеп бойынша жанар-жағармай тауарларын сатып алу бойынша 2 мекемемен, автокөлік жалдау, тұрмыстық қатты қалдық алу мекемесімен, есеп бөлімдерінің 1с бағдарламасына қызмет көрсету қызметін, сатып алудың электрондық платформасында емес, қағаз жеткізгіш түріндегі азаматтық құқықтық негізде 5 (бес) келісім шарт жасалған.

Аталған тауарлар мен қызметтерді сатып алуда мемлекеттік сатып алудың электрондық платформасы арқылы емес, қағаз жеткізгіш түріндегі азаматтық құқықтық негізде келісім шарт жасалудың бірден-бір себебі, өнім беруші ұйымдардың басым бөлігінің мемлекеттік сатып алудың goszakup.gov.kz электрондық платформасында жосықсыз қатысушы деп танылуы, сатып алуға қатыспауы, аудандардағы жанар-жағар май бекеттерінің болмауы немесе олардың мемлекеттік сатып алуына қатыспауы және жанар-

жағар май өнімдерінің жедел және шұғыл медициналық қызмет көрсетуге шұғыл түрде қажет болуы.

Мемлекеттік қызмет көрсету желісі бойынша

Мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдер – жоқ.

«Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ның негізгі мемлекеттік қызметі, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде емдеу-алдын алу мекемелерінен тыс, сондай-ақ апаттар мен дүлей зілзалалар кезінде сырқаттанған және зардап шеккен адамдарға тәулік бойы уақытылы және сапалы медициналық көмек көрсету, медициналық авиация қызметтерін көрсету болып табылады. Бұдан басқа, кәсіпорын (спорттық, мәдени-бұқаралық) іс-шараларда кезекшілік ету және науқастарды не оларды ақылы қызметтердің бекітілген Прейскурантына сәйкес ЕПМ-нен шыққаннан кейін шарттық негізде үйге тасымалдау бойынша қызметтер көрсетеді.

«Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ның құрамына 1 дербес станция, және 15 жедел жәрдем бөлімшесі/қосалқы бөлімшелер, оның ішінде 3 қалалық жедел жәрдем бөлімшесі, 8 ауылдық жедел жәрдем бөлімшелері, 3 ауылдық қосалқы жедел жәрдем бөлімшелері мен 1 медициналық авиация кіреді.

Жедел медициналық бөлімшелер 100% көлемде «Көмек» ақпараттық жүйесімен жабдықталған.

Санитарлық автокөліктің саны 108 бірлікті құрайды. Тозуы келген жылы ескі, жүруге жарамсыз санитарлық автокөліктердің 22 бірлігі есептен шығаруға құжаттары дайындалуда. Жалпы санитарлық автокөліктердің 81 бірлігі немесе 75% көлемінде GPS – навигация жүйесімен жабдықталған.

Санитарлық автокөліктің 52-данасы, 2020 жылы «БРК-Лизинг» АҚ-мен жасалған келісім шартқа сәйкес, қаржы лизингі негізінде сатып алынды. Оның, 4-данасы А класты және 29-данасы В-класты фельдшерлік бригадалар үшін, қалған 9-данасы реанимобиль болып келеді. Бұл санитарлық автокөліктер, толықтай медициналық жабдықтармен жабдықталған.

«Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ны жанынан бекітілген штаттық кестеге сәйкес Маңғыстау облысы бойынша 53 жедел медициналық жәрдем бригадасы жұмыс жасаса, оның толық қамтамасыз етілуі 100% құрайды. Бригадалардың бейінділігі: фельдшерлік бригада – 97%, дәрігерлік бригада 3%.

Дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлер BLS, ACLS,PALS, PHTLS оқу түрлерімен 2020, 2021 және 2022 жылдары оқытылып, арнайы сертификаттарын алған.

Алайда, санитарлық автокөлік жүргізушілерін «Қауіпсіз жүргізу. Қиын жағдайларда қауіпсіз жүргізу» бойынша оқу түрімен 2020 жылы оқытылғанымен, 2021 және 2022 жылы 100 пайыз көлемде оқытылмаған.

Жедел жәрдемге жүгінудің жалпы саны, талдау жүргізу кезеңі бойынша төмендегідей шақырту тіркелген:

№	Шақыртудың жеделділік санаты	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
1	1-жеделділік санат	10 826	18 754	17 728
2	2-жеделділік санат	56 504	76 567	78 365
3	3-жеделділік санат	77 407	79 175	85 053
4	ЖМЖС аудсорсингтік негізде 4-жеделділік санат	15 011	15 559	26 208
5	МСАК ұйымы жанындағы ЖМЖ бөлімшесі	42 561	55 571	65 763
	Шақыртудың жалпы көлемі:	202 309	245 626	273 117

Бұл шақыртуларға қызмет көрсету, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы» №ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығына сай, 1,2 және 3-жеделділік санаты бойынша қызмет көрсетіледі. Ал, 4-жеделділік санаты бойынша МСАК ұйымы жанынан ашылған ЖМК бригадалары қызмет көрсетеді. Кейбір, МСАК ұйымдарының жедел медициналық көмек көрсетуге тиісті лицензияның жоқ болуына орай, оларға кәсіпорын тарапынан аутсорсингтік негізде келісім шарт арқылы қызмет көрсетіледі.

Кәсіпорын қызметтік ғимаратпен қамтамасыз етілуі бойынша, «Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ны орналасқан әкімшілік ғимарат – Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, 13/1 ғимарат мекен-жайы бойынша орналасқан. Гараж ғимараты - Ақтау қаласы, 25 шағын аудан мекен-жайы бойынша орналасқан. Жаңаөзен жедел медициналық жәрдем бөлімшесі орналасқан ғимарат – Жаңаөзен қаласы, Шаңырақ шағын ауданы, 48/1 ғимарат мекен-жайы бойынша орналасқан. Одан әрі, станция балансына қарасты Жаңаөзен қаласы, Шаңырақ шағын ауданы, Губкина көшесі мекен-жайы бойынша орналасқан Туберкулез ауруханасының ғимараты бар.

Қалған жедел медициналық жәрдем бөлімшелері, дербес ғимараттың болмауына орай, келісім шарт негізінде басқа объектілерге орналасқан.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау жүргізу кезеңінде, 2022 жыл бойынша ҚР ДСМ Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментіне жұмыстың сапасы мен жеделділігіне байланысты төмендегідей, бірнеше шағымдар түскен.

Шағым түскен жылдары	Шағымдар саны	Оның ішінде дәлелін тапқаны	Кіммен қаралды	
			Кәсіпорынның ішкі медициналық аудит қызметі	Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің департаменті
2020				
2021	20	8	18	2
2022	34	12		

Одан бөлек, Қазақстан Респблкасы Еңбек кодексінің 52-бабының 1-тармағының 22-тармақшасымен жұмыстан босатылған кәсіпорын бұрынғы 19 қызметкерден жұмыскерлерді жұмысқа қайта алу, жұмыс берушінің бұйрығын заңсыз деп тану және олардың лажсыз бос жүрген күндеріне еңбек жалақыларын қайта төлеу туралы арыз түсіп, арыздары кәсіпорынның келісу комиссиясымен қаралып қанағаттандырусыз қалдырылған. Кейін арызданушылар, сотқа жұмысқа қайта алу, жұмыс берушінің бұйрығын заңсыз деп тану және олардың лажсыз бос жүрген күндеріне еңбек жалақыларын қайта төлеу туралы талап арыз беріп, талап арыздары сот шешімімен қанағаттандырусыз қалдырылған.

Кәсіпорынның қаржыландыру көзі, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің Денсаулық сақтау жүйесін қаржылық қамтамасыз ету көздері туралы 67-бапқа сәйкес:

Мыналар:

- 1) бюджет қаражаты;
- 2) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері;
- 3) ерікті медициналық сақтандыру қаражаты;
- 4) ақылы қызметтер көрсеткені үшін алынған қаражат;
- 5) бірлесіп төлеуден алынған қаражат;
- 5-1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда жеке тұлғалардың біржолғы зейнетақы төлемдері;
- б) жеке және заңды тұлғалардан ерікті қайырмалдықтар ретінде түскен қаражат;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де көздер денсаулық сақтау жүйесін қаржылық қамтамасыз ету көздері болып табылады.

Кәсіпорынның медициналық апараттары мен санитарлық автокөліктеріне уақытылы жөндеу жұмыстары қажетті жанар-жағар маймен қамтамасыз ету жолдары, шарттық міндеттемелер негізінде және мемлекеттік сатып алу шеңберінде жүргізіледі.

Кәсіпорын қызметтік ғимаратпен қамтамасыз етілуі бойынша, «Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ны орналасқан әкімшілік ғимарат – Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, 13/1 ғимарат мекен-жайы бойынша орналасқан. Гараж ғимараты - Ақтау қаласы, 25 шағын аудан мекен-жайы бойынша орналасқан. Жаңаөзен жедел медициналық жәрдем бөлімшесі орналасқан ғимарат – Жаңаөзен қаласы, Шаңырақ шағын ауданы, 48/1 ғимарат мекен-жайы бойынша орналасқан. Одан әрі, станция балансына қарасты Жаңаөзен қаласы, Шаңырақ шағын ауданы, Губкина көшесі мекен-жайы бойынша орналасқан Туберкулез ауруханасының ғимараты бар.

Қалған жедел медициналық жәрдем бөлімшелері, дербес ғимараттың болмауына орай, келісім шарт негізінде басқа объектілерге орналасқан.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шығарылған барлық актілер Денсаулық сақтау министрінің «Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 30 қарашадағы №225 бұйрығының талаптарына сай келеді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің белгілерін қамтымайды.

Рұқсат беру функцияларын іске асыру желісі бойынша

Кәсіпорынның өз қызметінде рұқсат беру функцияларын іске асыру бойынша өкілеттігі қаралмаған.

Бақылау функцияларын іске асыру желісі бойынша

Кәсіпорын өз қызметінде бақылау функцияларын іске асыру бойынша өкілеттіктерге ие емес.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты тәуекелдерді анықтау желісі бойынша.

Кәсіпорынның ұйымдық-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыру жөніндегі қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері табылған жоқ.

Қаржы-шаруашылық қызмет желісі бойынша.

Қаржы-шаруашылық қызмет желісі бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдер саны – 3 (үш) бірлік.

Кәсіпорынның қаржыландыру көзі, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің Денсаулық сақтау жүйесін қаржылық қамтамасыз ету көздері туралы 67-бапқа сәйкес:

Мыналар:

- 1) бюджет қаражаты;
- 2) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері;
- 3) ерікті медициналық сақтандыру қаражаты;

4) ақылы қызметтер көрсеткені үшін алынған қаражат;

5) бірлесіп төлеуден алынған қаражат;

5-1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда жеке тұлғалардың біржолғы зейнетақы төлемдері;

б) жеке және заңды тұлғалардан ерікті қайырмалдықтар ретінде түскен қаражат;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де көздер денсаулық сақтау жүйесін қаржылық қамтамасыз ету көздері - табылады.

«Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-да 2020 жылдың желтоқсан айында байқау кеңесі құрылып, бүгінгі таңға дейін жұмыс жасап келеді.

Байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі 3 жыл.

Байқау кеңесі кәсіпорынның қаржылық айналымына бақылауды және басқаруды жүзеге асырады.

Байқау кеңесі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» заңының 149-бабында көзделген өкілеттік шегінде қызмет етеді кәсіпорын Жарғысын, байқау кеңесінің ережесін, заңдарды басшылыққа алады.

Бюджетті қалыптастыру рәсіміне кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері қатысады. Белгіленген мерзімде құрылымдық бөлімшелер Мемлекеттік сатып алу және жоспарлау бөліміне қажетті тауарлар, қызметтер мен жұмыстар туралы ақпарат береді, осылайша жылдық бюджеттік жоспар жасақталып, «ӘМСҚ» КЕ АҚ-на өтінім беріледі. Өтінім, «ӘМСҚ» КЕ АҚ-мен келісілгеннен кейін, жоспарланған жылға тиісті қаражат бөлініп отырады.

Қаржы-шаруашылық қызмет бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің мынадай индикаторлары бойынша жүргізілді:

1. Бюджетті қалыптастыру рәсімдері. Бюджетті бекітетін алқалы органның болуы немесе қаржы қаражатын игеру.

2. Бюджет пен қаражатты игеру және бөлу рәсімдеріне есептілік, мониторинг, ішкі және сыртқы бақылау тетіктерінің болуы.

3. Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің заңнамада белгіленген нормаларға сәйкестігі.

Тәуекелдің атауы:

Бірінші – 2022 жылы кәсіпорынның материалдық құндылықтарға инвентаризациялық түгендеу жүргізілмеген.

Екінші – 2020, 2021 және 2022 жылдарда есеп бөлімінің есебіне сәйкес жанар-жағар майларды шығыстау есебі бойынша, бірнеше тонна бензин, дизелді отын және сұйытылған газ жанар-жағар май түрлерің артылып қалып, оның қайда жұмсалғаны және нақты есептің болмауы.

Үшінші – 2020, 2021 және 2022 жылдар бойынша ақылы қызметтен түскен қаражаттың, нысаналы мақсаты бойынша жұмсалмауы.

Тәуекел сипаттамасы:

Бірінші – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2011 жылғы 22 тамыздағы № 423 Бұйрығына сәйкес машиналар мен жабдықтарды, көлік құралдарын, аспаптарды, өндіріс пен шаруашылық құрал-саймандарын, материалдық емес және өзге де ұзақ мерзімді активтерді, ғимараттарды, шаруашылық материалдарын және кеңсе мүліктерін, дәрі-дәрмектер мен байлап-тану заттарын, отынды, жанар және жағар материалдарын, машиналарға арналған қосалқы бөлшектер мен жабдықтарды, өзге де материалдарды, арнайы киімді және өзге де жеке пайдаланатын заттарды түгендеу бойынша жұмыстар жылына кемінде бір рет, бірақ 1 қазаннан кейін жүргізілуі қажет болған алайда жүргізілмеген.

Екінші – 2020, 2021 және 2022 жылдарда есеп бөлімінің есебіне сәйкес жанар-жағар майларды шығыстау есебі бойынша, бірнеше тонна бензин, дизельді отын және сұйытылған газ жанар-жағар май түрлері артылып қалып, оның қайда жұмсалғаны жөнінде нақты есеп болмады.

2020, 2021 және 2022 жылдардағы жанар-жағар майдың кіріс-шығыс есебі:

Кіріс	2020 жыл (литр)		2021 жыл (литр)		2022 жыл (литр)	
	Бастапқы қалдық	Соңғы қалдық	Бастапқы қалдық	Соңғы қалдық	Бастапқы қалдық	Соңғы қалдық
Бензин	31 789,0	12 893,49	12 893,49	40 499,22	40 499,22	38 022,608
Дизель	49 501,0	13 144,00	13 144,00	17 471,049	17 471,049	21 196,982
Дизель				110,51	110,51	
С. газ				6 529,989	6 529,989	6 529,989
С. газ адм	720,0	12 898,991	12 898,991	6 007,906	6 007,906	6 007,906
Барлығы	82,010	38 936,481	38 936,481	70 618,674	70 618,674	71 327,474

Үшінші – 2020, 2021 және 2022 жылдар бойынша ақылы қызметтен түскен қаражат, нысаналы мақсат бойынша жұмсалмаған.

Азаматтық құқықтық негізде және мемлекеттік сатып алу негізінде жасалынған келісім шартқа сәйкес ақылы қызметтен түскен қаражат кәсіпорынның Ұжымдық шартында көзделген ақылы қызметтен түскен қаражатты бөлу туралы талабына сай емес жұмсалған:

№	Ақылы қызмет көрсету жылы	Кіріс (теңге)	Шығыс (теңге)	Шығыстың пайыздық мөлшері
1	2020	2 659 766,0	986 648,2 Оның ішінде: 1) Шаруашылық және кеңсе жабдықтарына жұмсалған қаражат - 516 815,0 2) Басқа қызметтерге – 466 323,2 3) Дәрілік заттарды сатып алуға -3 510,0	37% - 19,4% 17,5% 0,1%
2	2021	6 364 053,0	4 703 034,8	74%

			Оның ішінде: 1) Шаруашылық және кеңсе жабдықтарына жұмсалған қаражат – 4 306 920,8 2) Басқа қызметтерге – 289 194,0 3) Дәрілік заттарды сатып алуға – 106 920,0	- 68% 4,5% 1,5%
3	2022	4 343 115,0	2 444 276,0 Оның ішінде: 1) Шаруашылық және кеңсе жабдықтарына жұмсалған қаражат – 1 959 919,0 2) Басқа қызметтерге – 295 816,0 3) Дәрілік заттарды сатып алуға – 188 541,0	56% - 45% 7% 4%

Ұжымдық шарт бойынша, ақылы қызметтен түскен қаражаттың шығыстау нормативі төмендегідей көрсетілген:

- жұмыскерлердің еңбекақысын сараланған төлеуге – 40%, соның ішінде, салықтар;
- кеңсе және шаруашылық тауарларды сатып алуға – 12%;
- дәрілік құралдарды және медициналық бұйымдарды сатып алуға – 10%;
- медициналық жабдықты және инвентарьды сатып алуға – 7%;
- жұмсақ инвентарьды сатып алуға – 3%;
- коммуналдық қызметтеріне – 3%;
- мамандардың біліктіліктерін көтеруге және іс-сапарлық шығындарына – 5%;
- әкімшілік жұмыскерлеріне – 20%, соның ішінде, салықтар.

Жасырын мемлекеттік қызметтерді анықтау желісі бойынша.

Кәсіпорын қызметінде жасырын мемлекеттік қызметтер табылған жоқ

Мүдделер қақтығысына байланысты анықталған тәуекелдердің жалпы саны – 8 (сегіз) бірлік.

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

Ұсыныстардың жалпы тізімі:

Ұсыныстардың жалпы тізімі: сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, комплаенс-қызмет функцияларын жүргізу арқылы парасаттылықты нығайту бойынша жүйелі жұмыс жүргізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыру және тәуекелдерді бағалауға, теріс пайдаланудың алдын алуға ерекше назар аударатырып, сыбайлас жемқорлық практикаларының алдын алу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзушылықтардың одан әрі алдын алу мақсатында:

- Қызметкерлердің өз лауазымдық міндеттерін орындау бөлігіндегі жауапкершілігін арттыру. Заңнаманы бұзуға жол бермеу жөнінде шаралар әзірлеу, оның ішінде тұрақты негізде оқыту семинарларының өткізу, қызметкерлерді біліктілігін арттыру курстарына уақытылы жіберу.

- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ақпараттық стендтер мен тақтайшаларды ресімдеу, орнату және орналастыру;

- Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты қызметкерлердің қызметін талдау және бақылау, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алу саласындағы заңнамалық актілердің талаптарын қатаң сақтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары осы талдаудың 2-қосымшасына сәйкес әзірленді.

ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ:

Директордың аудандар бойынша орынбасары м.а.

Сарғалиев О. А.
(аты:жөні)

ПБК бастығы

Мухомбетов М. М.
(аты:жөні)

Бас экономист

Шарипов С. Б.
(аты:жөні)

Бас есепші

Ахметжанов М. А.
(аты:жөні)

Мемлекеттік сатып алу маманы

Азимов Н. И.
(аты:жөні)

Шаруашылық бөлімінің маманы

Дәудібекова А. Р.
(аты:жөні)

Комплаенс офицер заңгер кеңесші

Бекмурзин М. Б.
(аты:жөні)

Таныстым:

Досжанов А. Э.
(Мемлекеттік мекеменің/ұйымның басшысының қолы және Т.А.Ә.,)